

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 16 (529) 16 қараша 2022 жылы



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – ТАҒЫ ДА ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАТАРЫНДА

Жуырда Ахмет Ясауи университеті үздік университеттер рейтингі — Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings бойынша Азия құрлығындағы 686 университет арасында 239 орынға ие болды. Сонымен қатар, оқу орнымыз аталмыш рейтингтегі Орталық Азия мемлекеттерінің университеттері бөлігінде 10-шы орыннан көрінді. QS Asia University Rankings 2009 жылдан бері жарияланып келеді. Бұл рейтинг академиялық бедел, жұмыс берушінің беделі және оқытушылар мен студенттердің қатынасы, университеттердің атқарған ғылыми жұмыстары, Scopus арқылы индекстелген мақалалар мен дәйексөздердің негізгі деректері сияқты жаһандық рейтингтің негізгі көрсеткіштерін, сонымен қатар аймақ үшін мұқият әзірленген өнімділік көрсеткіштерінің жиынтығын қарастырады. Университетіміз Азия құрлығы университеттерінің рейтингіне биыл алғаш рет қатысып отыр. Жалпы, 2022 жылы аталмыш рейтингке Орталық Азияның бес мемлекеті елі және Иран қосылды. Бұған дейін Жапония, Қытай, Үндістан,

Малайзия, Сингапур, Гонконг және т.б. таны- мал мемлекеттердің оқу орындары бағаланатын еді.

Рейтингте университетіміз академиялық және жұмыс берушінің беделі көрсеткіштері бойынша сарапшылардың жоғары бағасын алды. Академиялық репутация QS жүргізетін жыл сайынғы сауалнамадан алынған. Биыл рейтингте 151 000-нан астам академиялық сарапшының жауаптары тіркелген.

Ал жұмыс беруші беделі ең жақсы мамандарды ұсынатын оқу орындары туралы дүние жүзіндегі жұмыс берушілердің пікірін жинауға бағытталған жыл сайынғы QS сауалнама- сынан алынған. Биылғы жылы 99 мыңнан астам жұмыс берушінің жауап-

17 қараша – Халықаралық студенттер күні құтты болсын!

Студенттік шақ – өмірдің ең қызық, ең маңызды, ең есте қаларлық кезеңі. Білім кеңістігің, көңіл көкжиегің кеңейіп, нағыз тұлға болып қалыптасуға, қабілетіңді шыңдауға, өміріңе ең қажет дағдыларды игеруге берілген ең құнды уақыт та – осы бір студенттік шақ. Сүйікті студенттер, сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, білім мен ғылым жолындағы ізденістеріңізге табыс, әрбір бастамаларыңызға сәттілік тілеймін! Өмір сіздерді мұңайтпасын! Университетімізге сенім білдіргендеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтамыз! Ал біз өз тарапымыздан сіздерге сапалы білім беруге, заманауи дағдылар мен мүмкіндіктерді игерулеріңізге жағдай жасауға тырысамыз. Шәкірттеріміз сауатты маман, ел ертеңі үшін аянбай қызмет ететін азамат болады деп сенеміз!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
ХҚТУ ректоры

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ШЫҒЫНЫ АЗ, ПАЙДАСЫ МОЛ КӘСІП

Ағай алғаш рет бір қорап шылаушынды 15 мың теңгеге сатып алып, өсіруді бастаған. «Қи алып келдік. Құрттарды бірден күйдіріп жібермес үшін ауладағы топыраққа төсеп, сумен ебден шайып алдым. Оған құрттарды жайып, қорек жасауға кірістім. Құрттың қорегі – кәдімгі картоп, сәбіз қабығы, жапырақ. Соларды майдалап турап, құрт араласқан қиға салып отырамын.

2-бетте

ТҮРКІСТАНДА ОҚЫП ЖҮР...

Кім біледі, бір жылдары бұлар да Сандуғаш Баймаханқызы, Назира Байырбек, Лира Қоныс, Жадыра Нармаханова, Азамат Тілепов, Батырхан Сәрсенхан, Айгүл Сейіл, Ғани Өтепбайұлы, Жолдыбай Базар, Даурен Болыс, Мәлік Алмахан, Гүлжаз Қарыбек, Мариям Абсаттар, Ғабит Сапарбеков, Жәнібек Нұрыш, Айнабеков Ерболат, Асылбек Досалы, Жансая Сыдықбай, Нұршат Төкен, Гауһар Нұрмаханқызы сияқты осы университетті бітірген аға-әпкелеріндей елге танымал төртінші билік иелері болып шығар.

3-бетте

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ


«Бұл әнді кім жазды екен?» деген сұрақ ойымды маза- лаумен болды. Алғашында мен Қытай қазақтарының әні болар деп тұжырымдаған едім. Өйткені Қытайдың уишат дейтін әлеуметтік желі бетінен естігенмін, сондықтан да болар.

4-бетте



Fact file

KHOJA AKHMET YASSAWI INTERNATIONAL
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY



THE DATA CONTAINED HEREIN IS RELEASED UNDER EMBARGO AND MAY NOT BE RE-PUBLISHED OR REFERENCED WHOLE UNTIL 08 NOVEMBER 2022 10:00 GMT

Version 1.0

тары талданған екен.

Университет ұжымын QS World University Rankings: Asia рейтингтегі жетістіктерімен құттықтаймыз!

ХҚТУ ҚАЛАШЫҒЫ. ЖАТАҚХАНАҒА АПАРАР ЖОЛДАРДЫ ДА САҒЫНДЫМ

ХҚТУ қалашығы. Жатақханаға апаратын жаяу жүргіншілер жолы. Түркістанның көп көшесінде ағаш сирек. Бірақ Ахмет Ясауи университетінің аймағында тал, теректер молынан. Мұнда көктемде бүршік атып, күзде жапырақ сарғайғанда нағыз пейзаж көрініс береді.

«Нұрай» супермаркеті мен студенттер үйінің арасындағы осы аяқжолды құрдастармен 4 жыл арлы-берлі өтіп тоздырдық. Қолында кетчуп, майонезі мен бір бөлке наны бар көңілі тоқ замандастар. Фаст-фудтың терезесінен сығалап өтіп, ертеңгі күнге мол үмітпен қарайтын жастар. Қуансақ бірге қуанып, қамықсақ бірге қамығатын кездер. Таракандардың түнгі жорығынан сақтанып, құлағымызды мақтамен тығындап, таң атқанға дейін тырп етпей ұйықтап жататын түндер.

Әскерде, шет елде, еліміздің әр қиырында еңбек етіп жүрген асыл достарымыз! Бүгін мына жолдармен өтіп бара жатып, сендерді қатты сағындым.

Бақдәулет АНАРБАЙ,
университет түлегі



ЕҢБЕК ТҮБІ - БЕРЕКЕ

ШЫҒЫНЫ АЗ, ПАЙДАСЫ МОЛ КӘСІП

Қазіргі таңда кәсіптің көзін тауып, айтарлықтай пайдасы болып жатса әрі қарай дөңгелетіп, негізгі жұмысымен қатар алып жүрген еңбекқор адамдар аз емес. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Ясауи атындағы ХҚТУ-дің кәсіби фотограф иесі Нақып Шынтеміров ағамыз. Тіршілігі қызу қайнап жатқан жоғары оқу орнының бүкіл іс-шаралары, жиналыстары, форумдары, конференциялары әлбетте Нақып ағайсыз өтпейді. Күнделікті барлық жиынның маңызды сәттерін уақытылы әрі сапалы жеткізіп отырған Нақып ағай бұл ісімен қарап қалмай, үйінде де ерекше табыс көзін жүргізіп отырғанын бірі білсе, бірі білмес.

Фотограф ағамыз асыл тұқымды занин ақ ешкі түрін өсіріп, бүгінде санын 50-ден асырып отырған еңбекқор шаруа. «2021 жылдың қаңтар айында біз өзімізге ұнайтын кең жерден жаңа үйге қоныс тептік. Негізі жаңа жерге көшсең, жаңа өмірге мотивация пайда болып, жаңа идеялар ойға келіп, әр істі сүйсініп, ерекше құлшыныспен бастағың келіп тұратынын байқадым.

Содан балаларымызбен ойласа келе, ешкі бағуды жөн көріп, аулаға ыңғайлы кеңдеу қоралар салдық. «Есің кетсе, ешкі бақ» деген рас екен, алғаш 50 мың теңгеден алынған 2 ешкіден басталған шаруашылығымыз келесі көктемде көбейіп, кеңейе түсті. Жалпы, ешкі малы тез өседі. Расында, ешкіміз егіз-егізден, үшеуден төлдесе бола ма?! Одан сайын қызығушылығымыз артып, ешкі малын зерттеуге көштім. Бұрыннан оның сүтінің пайдасы туралы естіп өскеніміз бар. Ешкінің сүті жұғымды, тіпті ана сүтін алмастыра алады екен. Оның құрамындағы май сіңімді, әрі адам денсаулығы үшін өте пайдалы. Ешкі сүтінің құрамында кальций мен фосфор минералдық заттарының мол болуы балалардың сүйектерінің қалыптасуына пайдасы зор деседі. Оны түрлі ауруларын емдеу үшін қолданады, емдік қасиеті зор. Ешкіде өзге малдағы сияқты ауру да болмайды.

Асыл тұқымды ешкілердің бағасы қымбат болғанымен, сүтті жақсы береді. Әсіресе, оның қаймақтай бал татыған айранын айсаңшы. Таза табиғи өнімді балаларыңмен бірге ішкен сайын тынысың ашылады. Үйдегі жеңге де бұл шаруаны үйіріп алып кетті. Мол сүт-айраннан сары май пісті, дәмі тіл үйірет құрт жасады. Не керек, аузымыз аққа жарығанымыз болды. Ешкі сүтінің бағасы негізі сиыр сүтіне қарағанда қымбат жүреді. Кей жерлерде 800-1000 теңгеден болса, біз қанағат етіп сұраған көрші-қолаңға, айналамызға 400 теңгеден береміз.

Қорада секектеп өскен лақтарымыз еркелетіп мен суретке түсірем, қозы-лақтың ойнақтағаны да бір қуаныш. Оларға комбикорм, сұлы, бидай, арпа, жүгері талқандап, жоңышқа, жантақ майдалап беріп бағамыз. Негізі ешкі жылына екі рет төлдейді. Бірақ біз сүтіне бола әрі сүтінің құнары жойылмасын деп ұзағырақ ұстаймыз.

Иә, сонымен Нақып ағайдың келесі сүйікті кәсібіне айналған істің бірі – шылаушын құртын өсіру шаруашылығы. Өлгі басына құт болып келген жаңа қоныстың кең жеріне Нақып Шеріұлының шұбыртып-жыбырлатып шылаушын өсіріп жатқанын алғаш естігенімізде түсінбей аңтарылып қалғанымыз рас. Бірақ фотограф ағайдың әлеуметтік желіге жүктеген фотоларына қарап ауласындағы әсем гүлдердің көптігіне, жүзім жемісінің жайқалғанына қарап «қалай өсірген?» деп қызыға қарайтын едік. Сөйтсек әңгіме әріде жатыр екен...

Ағай алғаш рет бір қорап шылаушынды 15 мың теңгеге сатып алып, өсіруді бастаған. «Қи алып келдік. Құрттарды бірден күйдіріп жібермес үшін ауладағы топыраққа төсеп, сумен әбден шайып алдым. Оған құрттарды жайып, қорек жасауға кірістім. Құрттың қорегі – кәдімгі картоп, сәбіз қабығы, жапырақ. Соларды майдалап турап, құрт араласқан қиға салып отырамын. Осы қалдықтарды

жеп, оны өңдеу арқылы биологиялық тыңайтқыш шығарады. Дайын тыңайтқыш. Бұл биологиялық тыңайтқыштардан бау-бақшаңыз, гүл-шарбағыңыз жайқалып өсуіне мен кепіл. Еккен егістің өсуін, өнімін 2-3 есеге арттырады. Сондықтан егінмен айналысатын шаруалар осы шылаушындар өндіріп шығарған тыңайтқыштарды сатып алады. Оларды топырағына сеуіп, мол өнім алып жатады. (Оны ғылымда «биогумус» деп атайды. Ол арнайы дүкендерде сатылады). Топырақ құрғап, тоза бастаса да осы тыңайтқыштарды сепсе, септігін тигізеді.

Құрттарға да аса күтім мен қамқорлық қажет. Жәндіктердің адамға зияны жоқ. Шақпайды, ешқандай жағымсыз иісі жоқ. Десе де, жаздың аптап ыстығында, әсіресе біздегі құрғақшылық қауіп төндіреді. Қарамаса шілдеде қырылып қалады. Олар ылғалды топырақты жақсы көреді. Сол себепті тиісті температураны қадағалап отырған жөн. Қатты ыстықта құрттардың кейбірі құрғап кетсе (өліп), кейбірі жердің астына кіріп кетеді. Топыраққа су құйып ылғал деңгейін арттырған кезде олар қайта бетіне шығады. Өйткені олар барынша ылғал іздейді. Көктемде топырақтың бетінде шылаушындар қаптап жүреді, өйткені жердің бетінде ылғал болып тұрады. Осылайша олар бірде төмен түсіп, бірде жоғары көтеріліп отырады. Ал жаз айларында жер қатты болғандықтан оларды оңайлықпен таба алмайсың. Сондықтан, жерді аударып, орындарын ауыстырып тұрамын.

Шылаушындарды тыңайтқыштарды (егістікпен) егінмен айналысатындар, балықшылар сатып алады. Бір данасы 5 теңгеден.

Әр кәсіптің өзіне тән қиыншылығы болатыны жасырын емес. Біреулер бұл ісіме денесі тітіркеніп, мұрнын тыржита қараса, кейбірі «сол да кәсіп пе екен» дегендей, қолын бір сілтейді. Бірақ, есік алдында жайқалып тұрған бау-бақшама сүйсініп, қоярда қоймай «қалай өсіргенімді» сырын білмекке құштар. Мен ерінбей, тәптіштеп табиғи тыңайтқыштарым туралы тәжірибемді айтып берсем, тағы да таңғалысады. Қандай кәсіппен айналыссаң да қыр-сырын жетік меңгеріп, қателессең, сол арқылы тәжірибе жинап, шыңдалу арқылы көп нәрсе үйренуге болады деп ойлаймын», -деп аяқтады сөзін таңсық кәсіп иесі Нақып ағай.

Шұбалшаңнан тыңайтқыш жасап, шарапатын көріп отырған Нақып ағай енді алдағы уақытта жылыжай салып, жасыл желекті жайқалтуды мақсат етіп отыр. Топырақтың құрамын зерттеп,



бірталай тәжірибе жинақтаған еңбекқор жанның бұл шаруасы шаш етекпен пайда әкелетініне зор сенімдіміз.

Шынында, шығыны аз, айналасына пайдасы мол аталмыш кәсіп түрінің қоршаған ортаға зияны жоқ екені, қайта топыраққа да, өсімдікке де зор әсерін тигізіп отырғаны ойлантпай қоймайды. Ісіңізге сәттілік тілейміз, шаруақор еңбек сүйгіштігіңізбен ұрпаққа үлгі болған Нақып аға!

Несібелі ИМАНҚҰЛОВА

ӨМІРДІҢ ТЕЗІНЕ ТҮСПЕС ҮШІН

ЖОО орнында 5 жыл оқып қазіргі таңда диплом алған еден жуушы, ыдыс жуушыларды көргенде «не үшін оқыдыңыз?» деген сұрақ туады. Шынымен, не үшін ЖОО орнын бітіреді. Өмір бойы еден жуып өту үшін оқудың кереметі не еді? Сондай замандастарымыз дәл қасымызда жүр.

Бірінші кейіпкеріміз Гүлжан Жамбыл технологиялық институтын бітірген. Мамандығы киім пішу конструкторы. Не деген керемет мамандық. Дәл қазір киім тігетін тігіншілер өте көп болғанымен дұрыс киім пішетін конструкторлар жоқтың қасы. Ал, бұл кісі асханада ыдыс жуып жүр.

- Гүлжан, неге өз мамандығың бойынша жұмыс істемедіңіз?

- Мен институтта 1990-шы жылдар оқыдым. Ол кездері жарық жиі сөнетін, өндіріс орындарының дағдарысқа ұшыраған кезі-тін. Сол себептен тәжірибеден гөрі теория көп өтетін еді. 2-курста тұрмысқа шықтым. Сабақтан қалу басталды.

Оқытушылар да менің жағдайымды ескеріп қатты талап қоймады. Не керек әйтеуір бітіріп шықтым. Сабақтарды көп жіберіп алуым өткен материалдарды түсінбеуіме әкеп соқты. Сондықтан сабақтарды дұрыс түсінбегендіктен, тәжірибеден өтпегендіктен мамандығымды дұрыс игере алмадым. Диплом алған соң мамандық бойынша жұмыс істейін десем біліміме сенбедім. Міне, өзіме деген сенімсіздіктен көріп тұрғандарыңыздай ыдыс-аяқ жуушы болып жүрмін.

Екінші кейіпкеріміз еден жуушы Бақыт апай.

- Бақыт апай жоғары біліміңіз бар екен бұл жұмысқа қалай келдіңіз?-деп әңгімеге тарттық.

- Шымкент қазақ-технология институтын бітірдім. КСРО бойынша мамандар даярлайтын оқу орнының бірі еді. Мамандығым резина өңдеу технологиясы бойынша инженер-технолог. Тәжірибеден өтуге КСРО кезінде 15 республиканың түкпір-түкпіріне бардым. Ал, Шымкентте шина зауыт болатын. Сол зауытқа да кадр дайындайтын. Институтты бітірген соң жұмыс бізге дайын тұратын. Кеңес дәуірі күйреуімен бірге зауыттардың бәрі дерлік тоқтап, жұмыссыз қалды. Тұрмыстық мұқтаждықтан еден жуушы болып кеттім.

Ал, үшінші кейіпкер де осы университетіміздің маманы.

- Сіз, өз қалаған мамандығыңыз бойынша жұмыс жасап жүрсіз бе?

- Жас кезімде неге екенін әйтеуір мұғалімдік пен тігіншілікті ұнатпадым. Милиция немесе заң қызметкері болсам деп армандайтынмын. Кітапты көп оқығаннан болар. Мен 1986 жылы мектеп бітірдім. Ол кездері ең мықты заң мамандығы болатын. Бір жыл барып түсе алмаған

соң. Уақытты бос кетірмей, реті келген мамандықты оқи тұрайын деп тігіншілікті оқыдым. Солай жүріп өмір өз ағынымен алып кетті. Керісінше арманым жайына қалып, мен киім технологы және мұғалім мамандықтарын оқып бітірдім. Қаламасам да осы мамандықтарда білім алған соң бар ынтаммен оқып, тәжірибе алмасып, сол саланы зерттей келе мен бұл мамандықтарға қызығуым артты. Әр салада 10 жылдан еңбек өтілім бар. Нанымды осы мамандықтардың арқасында тауып отырмын.

- Заң мамандығын алмағаныңызға өкінбейсіз бе?

- Жоқ, керісінше. Заңды әрбір адам өз құқығын қорғау үшін білуі тиіс. Ал, тігіншілік өнер болса, ұстаздық ол адам жанын тану, білім беру өнері. Қайта бұл мамандықтарды алмағаныма қайда, не істеп жүретінімді елестете де алмаймын.



Міне, жас білімгерлер сіздерге сабақ болсын деп, жоғарыдағы үш адамның өмір жолдарын әңгімелеп отырмыз. Бұл үш кейіпкеріміз де өзіміздің арамызда жүр. Аты-жөндерін толық көрсетпеуді жөн көрдік. Осындай тағдырлардың тезіне түспес үшін не істеу керек? – деген сұраққа да кейіпкерлеріміздің өздері жауап берді.

Өмірде алға қарай ұмтылыс керек. Ең бірінші, жаның қалайтын мамандықты оқы, үйрен. Ол шаштараз болады ма, жоқ әлде аспаз бола ма бәрібір. Сен оны қалап оқыған соң жақсы маман болу үшін ізденесің. Мамандыққа қызығудан ізденіс пайда болады. Демек, сен жақсы маман иесі атанасың. Көп қыздар ЖОО қабырғасында жүріп тұрмыс құрады. Бұл табиғаттың заңы. Сенің міндетің отбасылы болған соң екі есеге артады. Сен болашақ

ұрпағыңды жетілдіру үшін білімді, білікті маман болып шығуың керек. Әйтпесе, жоғарыдағы Гүлжан апайың секілді болуың ғажап емес. Жай диплом керек болған соң оқуға түстің бе? Онда сен үшінші кейіпкерімізді үлгі тұтуыңа болады. Ақыры білім алуға келдің ғой дұрыстап мамандықты меңгеруге тырыс. Мына заманда қанша өнер үйренсең де көптік етпейді. Өмір деген айдын көл. Қай жағасына қарай шығарарын кім білсін. Кездейсоқ алған білімің мүмкін өмір бойы сені асырайтын мамандығың болар.

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

ТҮРКІСТАНДА ОҚЫП ЖҮР...

Мынау менің тәлімгерлігімдегі топ. Биыл қанаттанып ұшатын жылдары. Бауыр басып қалыппыз. Қимаймыз: мен оларды, олар мені. Көңіл жұбататыны, қазақ медиасы майданына жас креативті мамандардың қосылатыны.

Бұл топқа "Абай" арнасындағы "Сана" бағдарламасының тізгінұстары Молдияр Ергебек те дәріс береді (суретте). Ол да шәкіртім. Әр сабағы жаңашылдыққа толы. Студенттер ағайларын (ұстаздарын) асыға күтеді. Молдияр да әр дәріс сайын жаңа бір тәсіл ұсынуға құмар.

Бұл топта "Жайдарман" клубы арқылы республикаға танылып қалған көңілді серілер Асадбек пен Ерқанат, әлеуметтік бейнесюжеттері конкурстардан бәйгені шаппай алып жүрген, жуырда ғана сол ұтып алған жолдамаларының бірімен Түркияның Стамбул, Чанкыры, Ниде, Бурса қалаларында болып, кәсіби дағдысын ұштап қайтқан Шаира, республикалық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары Сандуғаш пен Зере, түрлі шаралар ұйымдастыруға құмар жастардың топ-менеджері Жансая, жастар белсендісі Жаннұр, туристік кластер үшін ақпараттық идеялар ұсынып жүретін Лаура мен Гүлжан, жас театртанушы Аружан, айтыскер ақын Гүлжан оқиды. Осы топта Түркиядан келіп білім алып жатқан Фетуллах, Хижран, Ирай да бар. 24 студенттің барлығы талантты, барлығы креативті.

Кім біледі, бір жылдары бұлар да Сандуғаш Баймаханқызы, Назира Байырбек, Лира Қоныс, Жадыра Нармаханова, Азамат Тілепов, Батырхан Сәрсенхан, Айгүл Сейіл, Фани Өтепбайұлы, Жолдыбай Базар, Даурен Болыс, Мәлік Алмахан, Гүлжас Қарыбек, Мариям Абсаттар, Ғабит Сапарбеков, Жәнібек Нұрыш, Айнабеков Ерболат, Асылбек Досалы, Жансая Сыдықбай, Нұршат Төкен, Гауһар Нұрмаханқызы сияқты осы университетті бітірген аға-әпкелеріндей елге танымал төртінші билік иелері болып шығар.



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Жақсы бір адам қартайса, көкірегі хат болар деген жақсы тәмсілді жиі естиміз.

«Жақсы боп қалу борышың, жаман боп қалу өз ісің» дейді дана халық. Ия, жақсы демекші, мен алғаш Түркістандағы қазақ-түрік университетіне оқуға түскенімде жақсы бір ұстаздың шәкірті болдым. Ол-Бекжігіт Сердәліұлы еді.

Абай атамыз отыз сегізінші қара сөзінде жақсы адам жайында былай-ша түсінік берген екен.

«Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен, мұның табылмақтығына себептер-Хауас салим, һам-тән саулық» -араб сөзі. Қазақша мағынасы -Адамның өзіне тән болған дұрыс қасиеті, мінез құлқы.

Ия, Бекжігіт ағайдың өзіне тән дұрыс қасиетімен, айналасындағы

адамдарға деген дұрыс көз қарасы, елдің бәрін өзіндей көретін жанашырлығы мен бауырмалдығы, әрі өзгелерден артық ерекшелігі қарапайымдылығы еді.

Абай атамыздың осы сөзіндегі адамның-адамдық қасиеті дегені ағайдың өмірін суреттеп тұрғандай-ақ!

Жанымда осындай бір жақсы адамның жүргені мен үшін үлкен бақыт!

Бекжігіт ағайдың тағы бір ерекшеліктерінің бірі өнерге деген сүйіспеншілігі. Ағай қаншама өлмес әнді өмірге әкелді десеңізші?! Өндерінің ішіндегі маған өте ұнайтыны «Неге неге?» әні.

Мен бұл әнді осыдан шамамен үш-төрт жылдың алдында алғаш тыңдаған болармын, бір тыңдағаннан ақ, «Паһ шіркін!

Бұл әнді кім жазды екен?» деген сұрақ ойымды мазалаумен болды. Алғашында мен Қытай қазақтарының әні болар деп тұжырымдаған едім. Өйткені Қытайдың уишат дейтін әлеуметтік желі бетінен естігенмін, сондықтан да болар.

Сонымен арада екі жыл уақыт өткеннен кейін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университетіне оқуға түскенімде, бұл ән өзімнің ұстазым Бекжігіт ағайдың әні екенін білдім. Әннің авторынан әннің қалай дүниеген келгенін сұрап білдім.

Мен бұл әнді қандай да бір терең толғаныспен жазған шығар деген едім, ойлағанымдай емес болып шықты. 1998-жылдың қысында Түркістан мен Кентау арасына қатынайтын автобустың ішінде ойына сап ете қалған әуеннің желісімен өмірге келген ән екені мені таң қалдырды. Алла тағала болмайтынды болдыратын жалғыз жаратушымыз ғой, өнерді жанындай сүйген адамға өзі өлмейтін әнді көкейіне салып берді, қандай құдірет десеңізші!



Қағбат БӨКЕНҰЛЫ
3-курс студенті

«Неге неге» әні ғашықтардың сүйіп тыңдайтын әніне айналса, «Жас жұбайлар» сүйгендердің некесіне куә болып келеді.

Менің өнердегі өмірім жақсылармен жолыққан соң жаңа арнаға бұрылды. Бекжігіт ағаймен жолыққаннан бері өмірімде үлкен өзгерістер болды. Мен өнер жолынан өз орнымды таппасам да, өнерге деген қызығушылығым бар еді, аздап ән жазып жүретінім бар.

Бірде Бекжігіт ағай маған Дапанжи (Тауық еті) деген тамақты жегісі келгенін айтқан еді.

Ағайдың айтуынша Қытайдан келген балалармен бұрын бірге жеп тұратынмын. Қазір сол дәм есімнен кетпейді, басқа дәмханалардың жасағаны өзгешелеу, істеу жолын білмей ме, жақсы шықпайды екен деп еді.

Сонымен ағайды бір қуантып қояйын деген оймен дапанжи жасап кешкі

асқа шақырдым, ол кезде мен пәтер жалдап тұрушы едім. Естен кетпестей әдемі кеш болды.

Мен алғаш рет өзім жазған әнді мықты композиторға тыңдатып жақсы бағасын алам деген ой мүлдем болмаған еді. Ұстазым бірқатар әнімді тыңдап жетіспей тұрған жерлеріне өзгеріс енгізіп, өнер жолыма сәттілік тілеп батасын беріп қайтқан еді.

Міне, сол күннен бері өнерге деген қызығушылығым арта түсті.

Жақсы мен өткен бір күн, жаманның мың күніне тең демекші, қасымда жақсы адамдардың жүруі мен үшін қуанарлық іс.

Елдің бәрін тек өзіндей санаған, Ақ еділ жан, мейірімді жан ағам. Көмейінен сұлу жырлар төгілген, Композитор ұстаз аға бол аман!

Серілікпен өткізетін қыс, жазын, Сері үмітпен жас жасаңыз бір ғасыр. Өмірде де, өнерде де биіксің,

Аман жүрші асыл ағам ұстазым! Жақсы адамға мың кісілік орын бар! Келте өмірден кең төріндей орынды ал.

Болашақта ұстаз болар ұл-қыздар, Ұстаз болсаң, Бекжігіттей болыңдар!

ҰЛТШЫЛДЫҢ СЫРТЫ БҮТІН, ІШІ ТҮТІН БЕ?

Ұлтшылдық - әлі күнге дейін мысы басылмаған тақырып. Бұл сөзді естіген қазақтың әрқайсысы бір ауыз сөз түйінін домалатып, арқасын кеңге жаятыны бар. Қазіргі уақытта ұлтшылдың үні құлағымызға келсе, ойымыз ойрандап тіпті нацизмге дейін әлдебір ұсқынсыз, тұрпайы бейнелер көз алдымыздан ойнақтап өтетіні белгілі. Себебі, әлеуметтік желіге бірнеше сағаттар үңіле қалсам, қазақ қызының өзге ұлт өкіліне бас иіп, өмірлік жары екенін дәлелдеп тұратын байқаймын. Иә, бұл көрініс бізге ерсі көрінетіні анық, өйткені қазақ деп жүрегі соққан ата-бабаларымыз қан сақтап келеді емес пе?

Қазақты жамандама, қазақ бала!
Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!
Мәңгілік Ай астында,
Жер үстінде

Қазақтың жанашыры қазақ қана! - деп бекер айтпаған болар ақын Күләш Ахметова апамыз.

Яғни, бұл мәселені қозғасақ бір жұманың- жүзін өткізерміз. Дегенмен де қазақ-қазақ деп сырт келбетіміз сөйлегенмен де ішкі жанымыз ұйқыда жатады. Бұл жайт өзіме де тиесілі. Ұлтты ойлауымыз үшін, алғашқы кезекте қайсымыз болмасын өз пайдамызды ойламауымыз керек. Осы кезекте «Пайда ойлама-ар ойла» деген сөз тұспа-тұс келеді. Міне, нағыз ұлтты ойлайтын тұлға болуымыз үшін алдымен өзімізді қамшылап, тәрбиелеп алғынымыз дұрыс болар. Сонда ғана «оян қазақ» деп жан айқайын салған Міржақып Дулат ағамыздың ізін жалғайтын қазақ ұлтының нағыз ұлы болатынымызға кәміл сенімдімін.

Аян АТАБЕК
3-курс студенті

Өтіргүл ТӘШІМ:

«ҰСТАЗДЫҢ БЕДЕЛІ БІР КҮНДЕ ЕМЕС, БІРТІНДЕП АРТАДЫ»

- Сәлеметсіз бе, Өтіргүл ұстаз! Көңіл күйіңіз жақсы ма?
- Қайырлы күн! Иә, менде бәрі керемет. Өте жақсы десем де болады.

- Керемет, сізбен сұқбаттасу үшін қонаққа келіп отырмыз. Сізді таңдап келуіміздің бірден-бір себебі, қаншама жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп келе жатырсыз осы ұстаздық өміріңіз жайлы бірнеше сұрақтарды қамтысақ.

- Ия, әрине.

- Сізді неге Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жұмыс істеуді таңдадыңыз?

- Мен 1995 жылы журналистика мамандығы бойынша оқуды аяқтадым. Сол жылдары аудандық газеттер жабылып, жаппай елде жұмыссыздық белең алып жатқан кезең болатын. Сол кезде осы қазақ-түрік университетінде жұмыс бар деп естідім. Содан 1998 жылдың күзінде осы университетке келіп, баспа бөлімінің басшысына жолықтым. Сол кезде мені «Ясауи университеті» газетіне жұмысқа қабылдады. Сол жерде тілші болып жұмыс жасадым. Одан кейін 2000-жылдары журналистика кафедрасына ауысып, содан бері ұстаздық қызмет атқарудамын. Бұл жұмысымды жақсы көрем. Өрине шәкірт тәрбиелеу, оларға білгеніңді үйрету, тәжірибеңді бөлісу деген менің түсінігімде өте тамаша дүние деп санаймын.

- Дұрыс айтасыз, «Ұстаз-ұлы есім» деген екен Мұхтар Әуезов атамыз. Келесі сұрағыма көшсем үнемі сабақты бұзатын немесе сабаққа келмейтін білімгерлер жайлы пікіріңіз қандай?

- Ия, менің 20 жылдан астам ұстаздық тәжірибемде әртүрлі студенттер болды. Ұстаз деген ешқашан алдындағы шәкіртіне ешнәрсені күшпен жасата алмайды. Ұстаз алдындағы білім

алушысына саналы түрде мәдениетпен, әдеппен білімін баяндай отырып оның жүрегіне жеткізу қажет. Бұл әрине ұстаздың шеберлігіне байланысты. Менің пайымдауымша, оқымайтын білім алушыға айқайлап немесе төмен баға қойып жазалау, ХХІ ғасырда керек емес дүние деп санаймын.



- Сіздің бұрынғы студенттеріңіз немесе әріптестеріңіз қалай сипаттайды?

- Қазіргі әріптесім бұрынғы шәкіртім әңгімелесу барысында «Апай, сіз біздің кезімізде ең жақсы көретін ұстаздарымыздың бірі болдыңыз, өзіндік бір принципіңіз бар еді. Ал, қазір студенттерге жеңілдікпен қарайсыз ба? Өрине сізді қатал демеймін бізге берген тапсырмаларыңызды жасауға құлшынып тұратын едік» дейді Жәнерке Құмар. Ұстаздық деген «Инемен құдық қазғандай» ұстаздың беделі бір күнде болмайды, біртіндеп артады. Ұстаз қай кезде беделді? Сапалы білім бергенде, өзінің сабағына үлкен дайындықпен келгенде. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дейді Абай атамыз. Біз әрдайым сапаға, білімге жұмыс жасаймыз.

- Бізге сұқбат беруге келісіп, қызық әңгіме айтып, ойыңызбен бөліскеніңіз үшін көп-көп рахмет. Сау болыңыз!

Сұқбатты жүргізген: Уахит СЕЙТЖАПБАР
2-курс студенті

СӘТІ ТҮСКЕН СҰҚБАТ

Журналистика кафедрасының оқытушысы Тәжібаев Ғалымжан ағаймен аз-кем сұқбаттасқан болатынбыз. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін студенттік жылдары жайлы әңгіме сізді де қызықтырары анық. Ендеше, оқып көріңіз!

- Ғалымжан ағай, сіз қандай жоғарғы оқу орнында білім алдыңыз?

- Мен Түркия Республикасы Стамбул қаласында Мармара университетінде бакалавриат оқу бағдарламасын бітірдім. Араға жылдар салып Анкара қаласында Гази университетінде магистратураны тәмамдадым. Бакалаврды да магистратураны да журналистика саласы бойынша аяқтадым.

- Сонда сіз бакалаврды Түркия мемлекетінде оқыдыңыз ба?

- Иә, 17 жасымда Стамбул қаласына өз бетімше барып, бір жыл тіл үйреніп университетке түстім.

- Тамаша, Түркияда студенттік шағыңыз қалай өтті?

- Енді студенттік шағым шетелде білім алғаннан кейін қызығы мен шыжығы көп болды. Сағынышпен еске алатын естеліктерге толы шақ болды. Студент кезімізде қаржы жағынан қиындық көрмедім деп айта алмаймын. Шет ел, жат мемлекет болған соң қаржы жағынан аздаған қиындықтар болды. Аса бір қатты үздік оқыдым дей алмаймын. Бірақ, нашар да оқыған жоқпын. 4-5 ке оқыдық.

- Қазіргі таңда бірге білім алған топтағы достарыңызбен араласасыз ба?

- Группаластармен қазіргі таңда бір-екеуімен ғана араласамын. Бір әзірбайжандық студентіміз бар сосын осы Қазақстандық бір студент менің группаласым болған. Ол қазіргі таңда қызметте Нұрсұлтан

қаласында сол группаластарыммен арласамын ал, жалпылама ортақ чатымыз жоқ оның үстіне біздің кезімізде интернет жоқтың қасы еді, бірақ магистратурадағы группаластармен жиі араласып тұрамыз.

- Бүгінге дейін қанша топқа жетекшілік еттіңіз?

- Кураторлық топқа жетекшілік етіп жатқаным 3 жыл болды. Екі тобым жоғары оқу орнын тамадады. Қазіргі таңда журналист мамандығында қызмет жасап жатқандары да бар.

- Есіңізде қалған топ пен студенттің аты жөнін айтсаңыз?

- Ұмытпасам ФЖК-911 тобы болуы керек. Осыдан үш жыл бұрын оқуды аяқтады. Осы топты бірінші курстан бастап куратор болғаннан кейін мен үшін ерқайсысының орны бөлек. Мен докторантурада білімді жалғастыруға кететін кезде маған бір тосын сый жасаған болатын. Маған арнап Алғыс хат дайындап мені осы фжк тобының әкесі Ғалымжан ағайымызға деп өздерінің сый сияпатын көрсетті. Өрине біз оны қабылдаған жоқпыз. Алайда алғашқы студенттерім болған соң олар маған өте ерекше. Біраз студенттерім осы Түркістан телеарнасында қызмет етуде.

- Уақытыңызды бөліп сұқбаттасуға келіскеніңізге алғысым шексіз жұмысыңызға тек сәттілік тілеймін аман сау болыңыз

- Сізге де көп көп рахмет. Оқуда озат болуыңызды тілеймін!



Жансая Сәрсенәлі
2-курс студенті

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



Cumhuriyetimizin kurucusu Gazi Mustafa Kemal Atatürk, vefatının 84. yıl dönümünde Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde düzenlenen törenle anıldı.

Üniversitemiz Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR tarafından Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ün büstüne çelenk takdimi ile başlayan tören, saat dokuzu beş geçte saygı duruşu ve millî marşların okunmasıyla devam etti.

Törenin açış konuşmalarında Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, toprağı vatan kılan millî değerlere değinerek Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ün tüm Türk coğrafyası için taşıdığı kıymete vurgu yaptı. Üniversitemiz Rektörü Dr. Zhanar TEMİRBEKOVA ise konuşmalarında, Atatürk'ün bütün Türk dünyası için ortak bir lider ve örnek bir şahsiyet olduğuna dikkat çekti. Açış konuşmalarının sonuncusunda; Türk dünyasında yetişmiş Türk liderlere tarihî süreçteki rolleri açısından değinen Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz TOMAR, Ulu Önder'in bağımsızlık mücadelesindeki liderliğini anlatarak konuşmasını nihayete erdirdi.

Anma Töreni, Gazi Mustafa Kemal Atatürk temalı sinevizyon gösterimi ve öğrencilerimizin günün anlam ve önemini belirten şiirler okumalarının ardından anı fotoğrafı çekimi ile sona erdi.

AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ, YİNE ÖNDE GELEN ÜNİVERSİTELER ARASINDA YER ALDI

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Quacquarelli Symonds (QS) Asia University Sıralaması'nda dünyanın önde gelen 686 üniversitesi arasında 239'uncu sırada yer almıştır. Bu bilgi, QS Asia University Rankings topuniversities.com genel ağ sayfasında 8 Kasım 2022 tarihinde yayımlanmıştır.

QS Asia University Rankings bilgileri 2009 yılından itibaren yayımlanmakta olup söz konusu sıralamada; akademik itibar, işveren itibarı, öğretim elemanları ile öğrenciler arasındaki ilişki, bilimsel araştırma faaliyetleri, Scopus veri tabanında yer alan makaleler ile atıflar gibi dünya sıralamasının temel göstergeleri göz önüne alınmaktadır.

Üniversitemiz bu sene "Asya Üniversiteleri Sıralaması"na ilk defa katılmıştır. Önceki yıllarda üniversitemiz "Doğu Avrupa ve Orta Asya Üniversiteleri Sıralaması"nda yer almıştır. Birleşmiş Devletler Teşkilatı tarafından Orta, Güney, Doğu veya Güney-Doğu Asya olarak tasnif edilen tüm ülkeler QS World University Rankings: "Asya Sıralaması"na katılmaktadır. Japonya, Çin, Hindistan, Malezya, Singapur, Hong Kong ve diğer önde gelen üniversiteler sıralamasına bu sene Orta Asya'nın beş ülkesi ile İran devleti de katılmıştır.

Üniversitemiz ile ilgili akademik itibar bilgileri, QS tarafından her sene yapılan anket sonuçlarından alınmıştır. Bu sene söz konusu sıralamada dünya genelindeki 151. 000'den fazla akademik denetçinin kayıtları yer almıştır.

Kaliteli uzmanlar yetiştiren yüksek öğretim kurumları ile ilgili bilgiler, dünya çapındaki işverenlerin fikirlerini içeren ve her sene yapılan QS anket sonuçlarından alınmıştır. Bu sene 99.000'den fazla işverenin cevapları değerlendirilmiştir.

Ayrıca, Ahmet Yesevi Üniversitesi söz konusu "Asia University Rankings Sıralaması"nda Orta Asya ülkeleri üniversiteleri arasında 10'uncu pozisyona yükselmiştir.

Üniversitemizin tüm çalışanlarını "QS World University Rankings: Asya Sıralaması"ndaki başarıları vesilesiyle tebrik ediyoruz.

GAZİ ÜNİVERSİTESİ REKTÖRÜ PROF. DR. MUSA YILDIZ, AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK'İ ZİYARET ETTİ

Gazi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Musa YILDIZ, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK'İ ziyaret etti. Ziyarete Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Gazi Üniversitesi arasında yapılacak faaliyetler ve ortak işbirliği konuları görüşüldü.



СТОРИТЕЛЛИНГ «ҚАЗАҚПЫЗ ҒОЙ»

«... Өшірші андағы салқындатқышыңды»-деп дауыстады бөлмеге кірген әжем шынтықтап жатқан мені көре сала. «Көрші Мақсаттың ұлы келіп тұр. Мұғалім шақырған екен сендерді. Бұл апақ-сапақ уақытта неге шақырды екен?», деп бөлмеден бұрылып шығып кетті. Орындықта ілулі тұрған сырт киімімді алып, тездетіп сыртқа шықтым. Қуаныш есік алдындағы орындыққа жайғасқан екен. Әдеттегідей бітпейтін тик-ток видеоларын қарап отыр. Мені көріп түрегелді. «Ассалаумағалейкум» деп екі қолымды ұзатқаным сол еді, «Уағалейкум» деп қысқа қайырды. «Бауырым, уағалейкум емес, уағалейкумассалам десеңші. Ол бір ғана сөзді несіне қысқартасың? Әлеуметтік желілерде де қысқартып жазуыңды құптай қоймаймын» дедім. «Ой, Елдос ол ақылыңды өзіңнен кішілерге айтсаңшы. Арамызда 2 жас бар. Өзіңше имамсың әйтеуір», деп қолын сілтеді. «Өзің білерсің, айту парыз. Адам досының дінінде дегенім ғой» деп күле қойдым. «Неге шақырды екен Асқар ағай бізді? Беймезгіл уақытта екі оқушыны үйіне шақырғаны қызық екен» деп әңгімені басқа арнаға бұрдым. «Білмеймін, WhatsApp-та «Елдос екеуің біздің үйге келіндерші» деп қысқа қайырыпты деді. «Барайық, жас мұғалім ғой. Ауылға келгеніне де бір айдан енді асты. Әрі ағылшын тілінен біраз практика жасармыз. Оның ағылшын тілі деңгейі өте жақсы. Осы мамыр айының соңында басталатын «Болашақ» бағдарламасымен оқуға құжат тапсырып көрмек. Өзі айтты. Бір адамдай компьютерді де жақсы біледі біздің Асқар ағай», деп әңгіме айтып келе жатқан Қуанышым мені тыңдап та келе жатқан жоқ. «Тасташы телефонныңды. Мен саған сөйлеп жатырмын ғой», деп едім, «Қарасаңшы, пәленше деген блогер машинасын ойнатып жатыр. Ұтыстың үш ғана шарты бар екен. Оған тіркелесің, осы жазбаны өз парақшаңда бөлесің, пікірде үш досыңды белгілейсің. Сені белгілейін. Сенде қатыссаңшы. Біздің Көктал ауылында да бір мерседес шағытып жүрсін», деп арқамнан қақты.

... Ауыл мектебіне жақын жерде орналасқан Асқар ағайдың үйіне де келіп қалдық. Қуаныш есік алдындағы шарбаққа жақындай бергенде «Асеке, біз келдік» деп айқай салды. «Қайдағы Асеке? Жас та болса ұстаз ғой. Ағай десеңші» деген едім «өзің айт ағай деп» деді де, менен бұрын үйге кіріп кетті. Аяқ киімімді шешіп, үйге кірсем ағайымыз компьютерге шұқшиып отыр екен. Ө, ертең практикалық тапсырма орындаймыз деген еді АКТ-дан. Соған дайындалып отырған болар деп болжадым. Жақындап қарасам ағылшын тілінде бір фильм қарап отырған екен. Құлаққабын шешті. «Қош келдіңдер, жігіттер, төрлетіндер» деп қонақ бөлмесіндегі диванды нұсқады. «Не жейсіңдер? Чипсы, бургер, тауық еті, қасына кола да алайын» деді. Досым «жоқ,ағай. Бешбармақ жеп келе жатырмыз. Бізді неге шақырдыңыз? Менен гөрі Қуаныш көбірек білгісі келер болар бұл сұрақтың жауабын»- деді. «Анау айтарлықтай ештеңе жоқ. Бірге ойын приставкасы ойнайық дедім. Қаладағы досым «Fifa 2022» салып жіберіпті. Бір жағынан біраз әңгіме айтармыз. Болмаса жалығып, жарылып кететін шығармын бұл ауылдан» деп, екеуімізге джойстиктерді қолымызға ұстатты. Әжем екеуіміз әке-

«Қайсыны айтасың? Саясат па?» деп қасыма жайғасты. «Өзге ұлт туралы айтқандарыңызды айтамын» дедім. «Оларды қорғамайтын шығарсың. «Біз бәріміз қазақпыз ғой» деді Қуаныш ағайдың ар жақ бетінен маған қарап. «Қорғау емес. Дұрыс, бәріміз қазақпыз. Дегенмен де өз наным тауып жүргендері үшін оларды кінәлай алмаймыз ғой. Абай атамыз да өз қара сөзінде осы туралы айтқан» дедім. «Не депті сенің Абай атаң? Әлихан Бөкейхановтың сөзі бар «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден». Оларға дер кезінде мінез көрсетіп, мысын басып тастамасақ балақтағы бит басқа шаппай ма?» деді. Асқар ағай Қуанышқа қарап «Сенің Абай атаң емес. Сендер айтқан Абай да, Әлихан да біздің аталарымыз. Оларды бөліп жаруға болмайды. Не деген екен қара сөзінде. Университет қабырғасында оқып жүргенімде өне оқимын, міне оқимын деуші едім сол 45 қара сөзді деді. «Біздің Елекең оны жаттап алған. Енді сол жаттағанын арабшаға аударсам ба деп жүр», деп келемеждеп күлді Қуаныш. Ол күлгені ашуымда тудырды. «Күл, күл. Сенде жаттаған болсаң маған бұлай күлмес едің. Отырысың мынау «сенің Абай атаң» деп» дегенім сол еді жағама жармаса жөнелді. Ағай екеуімізді ажыратып жіберді. «Ақылдысын өзінің. Кейде сенен кейбір қыздар тәуір, қыз болса да көшеге шығады. Таңнан қара кешке дейін үйінде қамалып отырасың. Жігітке ұқсап темекі шегуді де білмейсің. Жігіт сияқты приставка да ойнамайсың. Жоқ әлде де сен де анау Тиктоктағы қызтекелер секілдісің бе» деді. Өзімді барынша сабырлы ұстауға тырысып бақтым.

– Жоқ, досым еркектіктің өлшемі ол емес. Иә, олардікі шарифат бойынша да дұрыс емес. Жаратушы бізді оған бұйырмаған. Біреудің жеке өміріне араласу мүмкінге жарасар іс емес. Бәрін қойшы, жаңа ғана «қазақпыз ғой» дегенің қайда? Олар да қазақ ғой. Қорғасаңшы!

– Олар «қазақ» атынан садақа кетсін!

– Көрдің бе, жаман ұлт болмайды. Жаман адам адамдар болады. Біз біреу жамандық жасады екен деп оның ұлтына, дініне қара күйе жаға алмаймыз. «Әр қазақ менің жалғызым» деуші едің ғой. Қолыңнан келе ме соларды түзету? Қазақтың жыртығына жамау бола аласың ба? Ең қарапайым нәрсе қазақта дені сау ұрпақ көп болғанын қаласаң тасташы андағы темекінді. Ұлтқа бөлгенді қой. Сені де, мені де, оны да Құдай жаратты. Қателігі болса Алла алдында өзі жауап берсін. Абай өзінің екінші қара сөзінде былай деген екен. «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе - шаршап, жаяу жүрсе - демін алады, ноғай дегенше, ноғай десеңші, түкбе ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, бақалішкі ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген. . . не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп. Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім. Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Өке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ», - деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі - бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?»



шешеммен бірге қалада тұрған кезде де мен бұл бөлеге қызықпаушы едім. Қазір де ойнағым жоқ. «Ағай, сіздер ойнаңыздар. Мен ойнамаймын» деп өзіне қайта бердім. Ал Қуаныш көрші ауылдағы орыс жігіттерден жиі-жиі жалға алады. 2-3 қазақ жігіті болып, ортадан ақша шығарып, соны түннен таңға дейін ойнап шыққан кездері аз емес. Ағайда инстаграм арқылы жалға алыпты. Аудан орталығынан әкелген екен. «Өзбектерден жалға алдым. Бәлелерін қарашы. Сағаты пәленбай мың теңге. Қазақстанда тұрып, олардан аламыз» деген еді, Қуаныш та сөзін қостай «менде көрші ауылдағы Сергей мен Алешадан аламын. Қарызға алып жүрмін. «Брат, брат» десем бере қояды шіркіндер. Бермей көрсінші Ресейлеріне қайтарып жіберермін» деп күлді. Асқар ағай маған қарап «Ресей демекші. Сен халықаралық қатынастар бөлімін таңдағалы жүрмін демедің бе? Айтшы қане, Украина мен Ресейдің арасындағы жағдай қалай» деп сұрақты төтесінен қойды. «Ағай, мен әлі саясаткер емеспін ғой. Мен де сіздер білетінді ғана білемін. Алайда жаңағы айтылған әңгіме орынсыздау болған секілді», дедім.

керген емес. Қолдан келгенше қазақтың жыртығын жамап, дертіне шипа болуға тырысты» деп бауырына басты. Мұны көріп тұрған Қуаныш үн-түнсіз үйден шығып кетті. «Ашуы басылған соң өзі келер. Айтпақшы, сенің әжең қала мектебінде әдебиеттен сабақ берген екен. Ертең күндіз барып, қолын алып қайтайын деген едім» деді. «Ертеңді неге күтесің? Қазір жүріңіз. Әжеммен танысарсыз» дедім. «Жарайды. Дүкенге соғып тіскебасар алып бірге барайық» деді. Осылайша біздің үйге қарай бет алдық.

Ағайша АЛПЫСБАЕВА,
3-курс студенті

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ

ҚОҢЫР КҮЗ-САҒЫНЫШ

Терезеден сыртқа қарап қиял құшағына еніп барамын. Көз алдыма жалғыз теректен басқа ештеңе көрінбейді. Іштей бұл тереке жаным ашығаны соншалық оны жасыра алмаймын. Сарғайған жапырақтар қоңыр күздің самалына шыдас бермей жәй ғана тербеліп келіп жер ананың қойнына үнсіз ғана еніп жатыр. Бұл сарғайған жапырақтар алып теректің сағынышының көз жасы болар деп түйдім. Иә, бұл теректі мүлдем жазғыруға болмайды. Қаншама жыл болғаны белгісіз тек қана жалғыздықтың азабын арқалап келеді. Алып теректің діңіне Задамның құшағы да жетер емес, бойы көкпен таласып тұрса да, өшбес бір сағыныш менмұңдалап тұр. Көз жасы төгілгені соншама әп-сәтте айналасын сағыныштың сары теңізіне айналдырды. Күз келсе-ақ болды әлденені, әлдекімді сағынып, іздей бастаймын. Оның не екенін өзім де білмеймін. Құдды біреуді жоғалтып қойған адамдай беймаза күй кешетінім бар. Күздің кереметі сағынышқа толы жүректі жұлып алып, әуеде әуелете ән салдырып, көңілді күңіретсе де ішкі жан дүниеге шынайы бір сезім сыйлайтынында. Күзді сүйе-өткенді аңсау деген сөз. Қаншама жүйрік ақының жырына, қаншама жазушының қаламына біткен осынау мезгіл меңіреу тартып тұрса да өзіне тарта беретіні өзгеше бір құдырет.

Бұл жапырақтар сарғайған сағыныштың ғана куәсі болып қалмай, өмірге де куә болып үлгерді. Адамдар бейне жапырақ сияқты, бірі жоғары, бірі төмен тұрғанымен, уақытты жеткенде барлығы үзіліп жерге түседі. Күз болса болды сары сағыныштың құйына бата берем еріксіз бата берем...

Құмаргүл ДОСАНХАН
3-курс студенті



суреттерді түсірген: Нахып ШЕРІҰЛЫ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Кожя Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Фото маманы:

Нахып ШЫНТЕМИРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.